

5) использование разных видов чтения: изучающего, направленного на постижения смысла текста с помощью его анализа; ознакомительного, которое используется для извлечение основной информации; просмотрового - чтения для получение общей информации о содержании текста; поискового, ориентированного на быстрое нахождение в тексте необходимых данных

Кроме того, учителя выигрывают в качестве обучения, т.к. учащиеся овладевают умениями изучать, искать, размышлять, делать выводы, взаимодействовать, адаптироваться в новой ситуации.

Литература:

1. Кубрак Л. В., Методика использования текстов с ошибками и пропусками на уроках истории // Фестиваль педагогических идей «Открытый урок» - URL: <http://festival.1september.ru/articles/583248/> - (Дата обращения: 24.02.2016).

2. Письменная Л., Янкевич М. Культура. Работа со сплошным текстом. - URL: <https://docs.google.com/document/d/1hAAqir-39-drK1Tcbpr1scMddBZ-2OUnQTq7TIPhKOs/edit?pli=1> - (Дата обращения: 20.02.2016).

3. Рождественская Л., Логвина И. Формирование навыков функционального чтения. Пособие для учителей. Курс для учителей русского языка как родного. - URL: <http://umr.rcokoit.ru/dld/metodsupport/frrozhddest.pdf> - (Дата обращения: 20.04.2015).

Қайыркұл А.М.

№2 «Абай атындағы мектеп лицейі» Балқаш қ.

Амирбекова М.Р.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Аннотация. Мақалада бастауыш сынып оқушыларына адамгершілікке тәрбиелеу, оқушылардың бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыру, бір-біріне, жанұясына, басқа адамдарға, Отанға, мемлекетке деген қатынасын анықтайтын мінез нормалары мен ережелерін дарыту туралы айтылады. Сонымен қатар ұлттық ойындардың жасөспірімдердің ойлау қабілетін, өмірге деген адами көзқарасын дұрыс қалыптастыру жайында қарастырылады.

Кілт сөздер: адамгершілікке тәрбиелеу, жеткіншек ұрпақ, моральдық бейнесі, ар-ұят, бауырмалдық, мінез-құлықтар, қайырымдылығымен, адалдығымен, әділеттілік

Болашақ ұрпақ тәрбиесі – ата бабамыздан келе жатқан рухани мұралардың бірі. Себебі, артыңа қалған із қандай болса, ұрпағыңның болашағы сондай. Адамзат тарихында, адамгершілікке байланысты пайда болған категорияларға мыналар жатады: жомарттық, батырлық, ерлік, әділдік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық, ұяттылық, ар мен намыс, т.б. Әрбір қоғам өзінің даму процесінде адамгершілік категорияларына, оның мазмұнына көптеген өзгерістер еңгізіп отырған. Адамгершілік – адамдардың тәжірибелік өмірінен тамыр алып пайда болған әдеп ғұрыптар мен дәстүрлерді тудырып, солармен сәйкес дамиды. Ал мораль болса, шындыққа қарама қарсы, теріс қарым қатынаста пайда болады және адамның өзіне субъективті түрде міндет қоя білуімен туындайды. Адамгершілік қасиеттері отбасында, қоршаған ортада, балалар балабақшасында, мектепте, адамдардың іс әрекетінің барысында бір бірімен араласуы нәтижесінде, қоғамдық тәжірибе алуын өмірмен байланыстыру арқылы қалыптасады. Тәлім тәрбие болмаған жерде адамгершілік мәдениеті мен қасиеті де қалыптаспайды.

Ойын – мектепке дейінгі балалар әрекетінің негізгі түрі, сондықтан ол бала өмірінде тәрбиенің шешуші шарты болып табылады. Баланың өзін қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы заттар мен құбылыстарды, адамдар арасындағы қарым қатынасты білуі, сезінуі ойын негізінде жүзеге асады. Баланың таным түсінігі, іс әрекеті ойыннан бастау алады да, болашақ өмірінде жалғасын табады. Ойын үстінде бала жеке тұлға ретінде дамиды, адамдармен қарым қатынасты, әрекетті өзі реттеп, ұжымдық ойлаудың алғашқы тәжірибесін алатындығы дәлелденген. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстармен, адамдардың еңбегімен,

қарым қатынасымен танысады. Мәселен, кез келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір бірімен өзара қарым қатынас жасайды. Ойын – балалар үшін айналадағыны білу тәсілі. Халқымыз ойындарды тек балаларды алдандыру, көңілін көтеру әдісі деп қарамай, жас ерекшелігіне сай олардың көзқарастарын, мінез құлқын қалыптастыру деп ерекше бағалаған. Ойын балаларды ұйымшылдыққа үйретеді. [1].

Ойын түрлері өте көп. Ойындар мазмұндарына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай бірнеше түрге бөлінеді:

1. Сюжетті рольдік;
2. Драматизациялық;
3. Дидактикалық;
4. Қимылды ойындар;
5. Ұлттық ойындар;
6. Саусақ ойындар.

Ойынның пайдасы – баланың ой өрісін, сондай ақ балалардың адамгершілік сезімін оятады. Адамдармен дұрыс қарым қатынас жасау, еңбек адамдарына басқа ұлт өкілдеріне, достық, туған жеріне сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлінеді. Әр ойынның өзіндік тәрбиелік маңызы болады. «Тәрбие-бала дүниеге келген кезден басталады» деген сөздің жаны бар.

1. Сюжетті рольдік ойындардың ерекшелігі сол, оны балалардың өздері жасайды. Ойынның дербес әрекеті айқын, өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Мысалы, «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушының әрекеттеріне, ал «Аурухана» ойынын ойнағанда дәрігер мен науқастың әрекеттеріне еліктеу арқылы жағымды қарым-қатынас жасауға үйретеді. 2. Драмалық ойындарда драмалық ойындар мазмұн, рөлдер, ойын әрекеттері қандай да бір әдеби шығарманың, ертегінің, т.б. сюжеті мен мазмұнына шарттас болады. 3. Дидактикалық ойын кішкене балаларға оқыту формасы болып табылады. Балалардың қоршаған ортатуралы түсінігін кеңейтеді, баланы ойлау білуге баулып, ақыл ой қызметін қалыптастырады. 4. Қимылды ойындар арқылы балалар бір-бірін итермеуге, бір-біріне жол беруге, бөгет жасамауға үйренеді. 5. Ұлттық ойындар баланың бойында ойлау, тапқырлық, шыдамдылық, ұйымдастырушылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Қаншама заман өтсе де, маңызын жоймаған ұлттық ойындарды тәлім-тәрбиенің түп қазығына айналдыру ата-ананың да, мектеп ұйымының да басты борышы. 6. Саусақ ойындары балалардың тіл дамыту барысында саусақ ойындарының маңызы өте зор. Баланың сөйлеуге деген ынтасы, қабілеті дамып, шығармашылық әрекетіне жол ашады. Балалар осындай саусақ ойынын ойнай отырып, өлең шумағын қызыға айтады. Мысалы, Қызыл, сары, көк моншақ, мен жасаймын көп моншақ. Мұнда қатар жатқан екі қолдың бас бармағы мен сұқ саусақтарының ұшын түйістіре отырып, моншақ тәрізді билейді, әрі оларды тізбектеп қатарға тізе бастайды. Міне осы ойындар арқылы біз тек ақыл-ой дене тәрбиесін жүзеге асырып қана қоймай, баланың бойында адамгершілік қасиетін қалыптастыра білуіміз керек. Осы адамгершілік тақырыбын әр тәрбиеші күнделікті жұмысында жоспарлап, алдына белгілі мақсат қойып, жүзеге асырып, орындап отырса, біздің қоғам келешек ұрпаққа рухани бай, адамгершілігі мол, өз елінің нағыз азаматы болып шығады. Сондықтанда бала бойына жас кезінен бастап, ізгілік, мейірімдік, инабаттылық сезімдерін қалыптастыру қажет. Ойынды педагогикалық процеске енгізе отырып тәрбиеші балаларды ойнауға, яғни А.С.Макаренконың сөзімен айтқанда, «Жақсы ойын» жасауға үйретеді. Мұндай ойынның өзіне тән сапасы бар, ол – мазмұнының тәрбиелік-танымдық құрылымы, бейнелейтін түсініктерінің толықтығы мен дұрыстығы, белсенділігі мен ұйымшылдығы, ойынның ережелерге бағынуы.

Мысалы ұлттық ойын «Ақсерек-көксерек» Ептілікті қажет ететін қызықты ойындардың бірі. Ойынның шарты бойынша балалар екі топқа бөлініп, араларын жиырма қадамдай ашып, тізіліп, қол ұстасып тұрады бір баланың атың атап шақырады, аты аталған бала жүгірген күйі қарсы топтың ұстасып тұрған қолдарын үзіп өтуі керек. Үзсе, сол топтың бір баласын өзімен ала келеді, ал үзе алмаса, сол топта қала береді. Қай топта бала көп болса, сол топ жеңеді. Бұл ойында балалар ептілікке, бірлікке, жеңіске талпынуға үйренеді. Дене тәрбиесі, сергіту сәттерінде пайдаланылады. Кейде сабақтарымда бұл ойынды сәл өзгертіп пайдаланамын. Дәл солай екі топқа бөлінеді. Бірінші топ сөздерін айтады. Аты аталған бала сол топтың сұрақтарына жауап беруі не тапсырмаларын орындауы тиіс. Орындай алмаса, сол топқа өтеді не өнерін көрсетеді. Бала тапсырманы қызыға орындайды [2].

Қазақтың ұлттық ойындары халықтың еңбек, шаруашылық үрдісіне байланысты туғандықтан, оның түрі мен мазмұны төзімділікке, батылдыққа, ұстамдылыққа, тапқырлыққа және мейірімділікке баулитын сипатта болады. Мұның өзі көңілге кеңдік пен дарқандық ұялатады. «Сайыс», «Аударыспақ», «Бәйге», «Көкпар тарту» т.б. ойындары үлкен адамдарға тән дегенімізбен, оның көріністері мен мәні бала ойынының репертуарынан да тиянақты орын алған. Балабақшадағы топта айналып жүрген «Ақ серек пен көк серек», «Қазан доп», «Күшің жетсе, үзіп кет», «Арқан тарт», «Алақан соқпақ», «Жаңылма», «Байқап қал», т.б. ойындар баланың белсенділігін жебеп, жігерін қайрап, қапияда жол табатын тапқырлыққа, аңғарымпаздыққа, адамгершілікке баулиды. Ойындағы ұтқырлық - екінші жағынан өнер. Халықтың аңсаған арман тілектеріндегі, іс-әрекеттеріндегі атрибуттар бала ойынынан көрінісін табумен қатар тікелей әрекетіне айналады. Халық ойындарына тән сипат-өмірге үйлесімділік шындықтан туындайды. Онда қойылған талаптарды орындау барысында дене ширап, көңіл көтеріліп, дербестік дамып, баланы ұғымталдыққа ұмтылдырады. Балалықтың базарлы шағындағы ойынның қайсысында болмасын, ойынның мазмұнына қарай, өлең, тақпақ, ән араласа жүреді. Ал олар ойынның тікелей мазмұнында болмаған күннің өзінде жеңіліс тапқан топ немесе ән, болмаса би билеп, күлдіргі әңгіме айтып айыбын етеуге тиіс. Бұл - қазақтың ұлттық ойынындағы басты ерекшелік.

Ұлттық ойын — халықпен бірге жасайтын өмірмен құбылыс. Балалық шақтың қайталанбас ескерткіші, әрбір тұлғаның, әрбір ұрпақтың балауса кезінде бастан кешкен өмірі. Ойыннан бастау алып, ертеңімен сабақтасатын тәлім-тәрбиені бойға қондырып, ойға дарытудың алғашқы машығы. Қазақ халқының ұлттық ойындарына тән басты ерекшелік- ойын адамгершілік әдептеріне баулудың тиімді жолы, тәлім, тәрбие мектебіне саналған. Ойын арқылы көңіл көтеру, түйсік сезімін арттыру, күлу, айтылмақ пікірін дәл жеткізу, тапқырлық, сыйластық, мейірімділік, кешірімділік, төзімділік, сабырлық сияқты қасиеттерді баланың бойына нәресте, сәби кезден бастап сіңіруді мақсат еткен. Айтар насихат, берер үлгі-ойынға жеңіл-желпі емес, терең мән бергендіктен «ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле»- деген даналық сөз — қазақ халқының бұл саладағы құқылық тұжырымы, атадан балаға мирас болған өнегелі өсиеті.

Адамгершілік - қоғамдық өмірдің тарихи-әлеуметтік заңдылықтарына сәйкес, адамдар арасындағы адамдық қарым-қатынастар жүйесін реттеп отыруға негіз болып табылатынын қауымдық, әлеуметтік, халықтың игі іс-әрекеттер, мінез-құлықтағы имандылық инабаттылықты көрсететін терек мәнді ұғым.

Адамгершіліктің асыл белгілері: ар-ұят, ождан сақтауды, сыпайыгершілікті, әдептілікті, достықты уағыздай отырып, тамаша қасиеттерге қарама-қарсы адамды аздыратын өтірік, өсек, мақтаншақтық сияқты жаман әдет, жат мінездерден сақтандырады. Адамгершіліктің ең жоғарғы түрі- бауырмалдық, бүкіл алам баласын бауыр, дос көру, көпшіл болу.

Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық міндеттері -оқушылардың белсенді өмірлік позициясын, сөз бен істің бірлігін, адамгершілік нормаларын ауытқушыларға жол бермеулі қалыптастыру болып табылады. Бұл міндеттерді шешу оқушыларды қоғамдық пайдалы, өнімді еңбекке даярлаумен тығыз байланысты.

Саналы еңбек тәртібі, тапсырылған іс үшін, орындалу мерзімдері үшін, аспаптар мен материалдардың сақталуы мен үнемделуі үшін жауапкершілікке тәрбиелеу баланың мектепке барған алғашқы күндерінен-ақ жүргізе бастауы тиіс. Алғашқы еңбек дағдылары сабақ үстіндегі міндеттерді орындау кезінде игеріледі. Оқу барысында оқушылардың таным-білім әрекеті мен еңбек әрекеті ұштасып жатады. Оқу бала үшін - қауырт еңбек. Дүниетану, кең көлемде жаңа білім алу процесінің өзі, сөз жоқ қиыншылықтарымен, табыстарымен және сәтсіздіктерімен алмасып келіп отырады.

Адамның адамгершілік жағынан қалыптасуы оның тұрған кезінен-ақ басталады. Мектепке дейінгі жаста балаларды бастапқы адамгершілік сезімдер мен ұғымдар, адамдық мінез-құлықтың ең карапайым дағдылары қалыптасады. Мектепте бұл жұмыс он бір жыл бойына мұғалімдердің басшылығымен жүйелі түрде, көзделген мақсатқа сай жүргізіледі. Баланың мектеп жасына дейінгі кезде қалыптасқан мінез-құлықтарының және ересек адамдармен, құрбы-құрдастарымен қатынастарының формалары, адамгершілік білімдері мен сезімдері негізінде бастауыш сыныптарды адамгершілік көзқарастардың, мінез-құлықтың, сезім мен сананың жаңа формалары одан әрі дамытылады[3].

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың сыртқы ықпалды тез қабылдағыш, үйреткеннің, айтқанның бәрінің шындығына, адамгершілік нормалардың сөзсіздігі мен қажеттігіне сенгіш келетінін, бұл жастағылар өзгелерге қойылатын адамгершілік талаптар жөніндегі ымырысыздығымен, мінез-құлықтары еркіндігімен ерекшеленетін психологтар анықтаған. Бұл ерекшеліктер бастауыш сыныптағы мектеп оқушыларының оқып, тәрбиеленетіндігінің кепілі болып табылады. Балаларды жүйелі және дәйекті түрде адамгершілікке тәрбиелеу үшін нақ осы жастарда зор мүмкіндіктер туады. Адамгершілікке тәрбиелеуде балалардың онда адамгершілік тәжірибесі шешуші маңызға ие. Тәрбиенің ісі ең алдымен баланың күнделікті өмірінде өтіп жатады, мұнда ол адамгершілік ережелеріне, нормаларына, принциптеріне дағдыланады және олардың қажеттілігіне көз жетеді.

Бала үлкендердің талап-тілегін жай ғана орындай салмай, ықыласпен өзі қалаған жағдайда адамгершілік тәрбие оқушының адамгершілік тұрғыдан өсуін бағыттай алатыны мәлім. Бұл тіпті кішкентайлардың адамгершілік тәрбиесінде жетекші роль атқаратын еліктеу барысында көрініс табады.

Мектеп оқушысының адамгершілік мұратының қалыптасуында мұғалім маңызды роль атқарады. Өзінің барлық жұмысында ол шәкірттерді адамдар мінезіне талдау жасап, білуге шынайы адамгершілікті өтірік, жасанды адамгершіліктен ажырата білуге үйретеді.

Адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі әдістеріне түсіндіруді жатқызуға болады. Оның құралдары ретінде мақал-мәтелдер, әңгімелер мен ертегілер, аңыздар мен аңыз-әңгімелер қызмет етеді. Оқушылармен әңгімеде сол жағдайға қолайлы мақалдар мен мәтелдер арнайы таңдалып, реттеліп алынып отырады. Адамгершілікке тәрбиелеудің аса бай жолдары белгілі болғанына көз жеткізу үшін келесі әдістер мен құралдарды атап өтуге болады. Олар: көрсету, үйрету, жаттықтыру, сендіру, өтіну кеңес, мақұлдау, сәттілік тілеу, тыйым салу, ант беру, сөгіс беру, кінәлау жатады.

Мәселен, халық ұғымында, адам баласының мінез-құлығына тәрбие мен тәлім арқылы тек білім мен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, аса құдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының бір көрінісі. Шыр етіп дүниеге келген періште сәбиге адами асыл қасиеттер ана сүтімен, берісі бесіктен дамиды десек, қателеспейміз. Ал адам баласының тәрбиесінің ошағы саналатын – мектеп тәрбиесі бала бойында ізгі қасиеттердің қалыптасуына үлкен де, маңызды роль атқарары сөзсіз. Тәрбиенің негізгі – іргетасы адамгершілік тәрбиесіне байланысты[4].

Қазақтың ұлттық ойын сауығы достық пен қонақжайлылықтың белгісі және көптің басын біріктірудің кепілдігі, сүйкімді әнші мен әңгімешілерге мұқтаждықтың айғағы. Ойын сауықта жалғыздық сезім, бөгде ниет билей алмайды, ойыншы үнемі ізденісте болады. Ондағы құдірет өнерпаздық, түсіністік және келісімге жол табу. Адамзат қашанда болмасын осы үш құдіретке тәнті болған, сол құндылыққа жетудің мүмкіндігін арнайы және үнемі іздестірумен әуреленген.

Қазақ халқы- ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдықты, шапшаңдықты тағы басқа қуаты молдылығын, білек күшін дененің сомданып шынығуын қажет етеді.

Сонымен бірге, бұл ойындар әділдік пен адамгершіліктің жоғары принциптеріне негізделген. Өйткені, ойынға қатыспай тұрып-ақ оған күн ілгері көп адамдардың тер төгіп, еңбек етуіне тура келеді. Сондықтан, қазақтың ұлттық ойындары сауықтық жағынан ғана емес, ол-спорт, ол- өнер, ол- шаруашылық тәжірибелік маңызы бар тәрбие құралы.

Қазақтың ұлттық ойындары: көкпар сайыс, күрес, теңге алу, қыз қуу, алтын табақ ату т.б. спорттық сипатпен бірге үлкен тәжірибелік маңызға да ие болды.

Ойын өнердің түріне, топты ұйымдастыру тетігіне айналды. Содан ойын өнері ұлттың әдеп-ғұрпының қалыптасуына, сақталуына үлкен ұйытқы болды, ықпал етті.

Қазақтың әдет-ғұрып ойындары қазақтың бастан кешкен қилы-қилы оқиғаларын бейнелеп, баяндап береді. Оған Наурыз мерекесіндегі ойын-сауық түрлері дәлел болмақ.

Қазақтың ұлттық ойындарына мән беріп, оны жинақтап, топтап жарыққа шығарған орыс ғалымы А.Диваев өзінің «Игры киргизских детей» (1905ж) атты еңбегінде қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырады: 1-ші кішкентай балалар ойыны, 2-ші ересек балалар ойыны, 3-ші жігіттер ойыны.

А.Диваев ұлттық ойындарды топтап, жинаушы ғана емес, оның бала тәрбиесіндегі әлеуметтік құнын көрсеткен ғалым.

Ойын - бір жағы, дене қозғалысы, шыныққан денесінің шеберлігі, бір жағы: көңіл көтеру, дем алу, бір жағы бас қосып бірлесіп, әдет-ғұрыпты жалғастыруға үндесу. Шаруашылықтан бос кезде той-думан мен ойын- сауықтар жиі атқарылады.

Ұлттық ойындар жасөспірімдердің ой қабілетін, өмірге деген адами көзқарасын дұрыс қалыптастырады. Олар үшін ойын - баланың жан-тәнін қоздыратын тартымды қозғалыс, дене мен ойды қатар жаттықтыратын тартылыс, жеңістің дәмін тартқызатын жеңімпаздардың мәртебесін көтеретін кеңестік пен қолдау тоғысы[5].

Әдебиеттер:

1. <https://www.zharar.com/kz/kurs/177821.html?ysclid=lda2svb5us289193490>
2. Әбдіразақов Е. "Ақыл-ой, парасат тәрбиесі" Шымкент қаласы. 1994ж.
3. <https://bilimainasy.kz/%D2%B1%D0%BB%D1%82%D1%82%D1%8B%D2%9B>
4. Халметова Т. Адамгершілікке баулу - тәрбиеден. "Қазақстан мектебі" 2014 ж.
5. https://for-teacher.ru/edu/shkolnomu_psihologu/dociuenn9e.html?ysclid=lda6j7ifyo640759664

Қыйлыбай Д.Б., Бейсекеева А.Т.
«№66 мектеп-лицей» КММ, Қарағанды қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Аннотация. Қазіргі таңда қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бірінші кезекте тұрған мәселе. Баланың жалпы дүниетанымының қалыптасуы, өміртанымдық көзқарастарының жетілуі мақсатында көзделген оқыту әдістерін қолдану. Жаңа заман талабына сай білім берудің негізгі мақсаты оқушыларда басты құзіреттіліктердің қалыптасуы, яғни балалар мен жастардың шығармашылық қабілеттерін ұштау, өздігінен білім алу дағдысын, қоғамдық белсенділігін қалыптастыру, олардың бойында тұтас дүниетанымды және қазіргі ғылыми дүниетанымды, этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, саралап оқыту, сын тұрғысынан ойлау, әдіс-тәсілдер.

Бүгінгі таңда бәсекеге қабілетті елдер қатарында болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Оқушылардың мектепте алған білімдерін қоғамдық- әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық білімін арттыру арқылы еліміздің білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне басымдық берілуі тиіс. Білім саласының даму көшінен қалмай ілгерілеу басты мақсатымыз. Қазіргі құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, саяси, мәдени, саяси және эканомикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай –ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті- мұғалім баланы оқыта отырып оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және де баланың өз бетінше шешім қабылдауын дағдыландыру. Осыған орай оқушылардың алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даналықты білдіретін құзыреттерді қалыптастыру бастауыш сыныптардағы гуманитарлық бағыттағы пәндер басым бағыттарының бірі болып табылады. Өйткені оқушы еркін сөйлеп, өз ойын еркін жеткізе алу керек. Олай болса, функционалдық сауаттылық оқушының белгілі ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және білім, білік дағдыларының жиынтығы. Ол тек білім мен білік әлеміне барудың жолы ғана емес, ұлттық әлеуметтік дамуының өлшемі.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін кез келген жағдайда пайдалана білуін қамтамасыз ету. Яғни, оқушылар мектепте алған білімдерін тиімді пайдалана алуды үйрету. Оқушылардың функционалдық сауаттылығы мектеп қабырғасынан қалыптасады. Соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілі пәнінен функционалдық сауаттылығын дамытуда білім берудің алатын орыны ерекше.

Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығы тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым деңгейлері бойынша жүргізіледі. Әлемдік тәжірибе бойынша тілді тиімді меңгерту төрт дағды арқылы жүзеге асырылады екен. Оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым дағдылары оқушының коммуникативтік дағдылары болып табылады. Коммуникативті дағдыларды басшылыққа алып оқыту функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Грамматикалық білім тілдік төрт дағдыны қалыптастыру барысында жүзеге асып отырады. Оқушының әдеби тіл нормаларын дұрыс және орынды қолдана білуіне мән беріледі. Ал лексикалық тақырыптар белгілі бір тақырыптар аясында оқушылардың сөздік қорын байта отырып, сөздердің мағынасын түсінуге